



*** Кафедра: *Терапиялық стоматология***

***Тақырыбы* : Стоматологиялық
науқасты негізгі және қосымша
тексеру әдістері**



Орындаған: Жапакова М.

Факультет : Тіс емдеу

Тобы: 12-003-01

Қабылдаған: Шулгаубаева И.

Жоспар:

- Кіріспе
 - Стоматологиялық науқасты тексеру әдістері
- Негізгі бөлім
 - Негізгі тексеру
 - Қосалқы тексеру
- Қорытынды



Стоматологиялық науқасты клиникалық тексерудің негізгі мақсаты-дәрігер-стоматологқа келген адамның ауруын дұрыс анықтап, тиімді емдеу әдісін таңдап алу және оны жоғары деңгейде жүргізу. Стоматологиялық науқасты тексеру жалпы медициналық қағидаларға негізделе отырып жүргізіледі және бет-жақ аймақтары ағзаларының жағдайын тексеру науқасты жалпы тексерудің маңызды бір тізбегі болып саналады.

**Тексеру әдістері:*

- *1) негізгі - сұрап, қарап немесе көріп, қағып, сипап, шұқып;
- *2) қосалқы немесе арнаулы- электрометриялық, люминесценттік, трансиллюминациялық, ЭОД, рентгензерттеу, витальды бояу әдіс, биохимиялық, микробиологиялық, иммунологиялық, цитологиялық, гистологиялық, термометриялық, аллергиялық, гистаминдік және т.б.

* Сұрап тексеру:

Науқасты сұрап тексеру – бұл үлкен ұқыптылықты талап етеді. Сұрап тексерудің нәтижелігі туралы мәлімет алудың негізін қалаған белгілі орыс дәрігері Г. А. Захарьин.

- * Шағымдарды анықтау;
- * Шағымдарды нақтылау (детализация);
- * Аурудың басталуын және дамуын анықтау;
- * Аурудың ағымын бағалау;
- * бұрын жүргізген емнің нәтижесін қарау.

* Аурудың анамнезі (morbi):

- * Қашан ауру басталды (бірінші симптомадарды қашан сезді)?
- * Ауру қалай басталды?
- * Аурудың басталуы немен байланысты?
- * Клиникалық белгілері қалай дамиды?
- * Ем жүргізді ма?
- * Ем нәтижелі болды ма?

* Өмірдің анамнезі (Vitae):

- * Туған жері?
- * Мекен жайы?
- * Өндірісте жұмыс жағдайы?
- * Тұрмыстық жағдайы?
- * Тамақтандыру ерекшеліктері?
- * Бұрын және кәзір қандай аурулармен ауырады (Перенесенные и сопутствующие заболевания)?
- * Аллергоанамнез?
- * Зиянды әдеттер?

* Ауыру сезімінің сипаттамасы:

* себепті;

* өз бетімен;

* тұрақты;

* ұстамалы;

* сыздап;

* жұлқып;

* кесіп;

* түнде;

* шаншып;

* шектелген;

* таралған;

* солқылдап.

* Ауру сезімінің ұзақтығы:

- * Аз уақыт ауырады, біраз уақыт ауырмайды;
- * Ұзақ уақыт ауырады, ауырмайтын аралығы аз;
- * Тітіркендіргішті жойғаннан кейін біраз ауырады;
- * Тұрақты;
- * ыстықтан ауырады;
- * салқыннан басылады.

* Ауру сезімінің себебі:

* Өз бетімен

* Ыстықтан

* Салқын тағамнан немесе суық ауадан

* Тіске тістегенде

* Тәттіден, қышқылдан

* Басты еңкейткенде

* Тіске тиіп кеткеннен

*Қарап тексеру:

Қарап тексеру әдісінің негізгі мақсаты-дәрігер-стоматологқа шағым айта келген адамның бет-жақ аймағындағы патологиялық үрдісті анықтау. Бет әлпетін сырттан қарау:

- * Науқастың жалпы жағдайы (**habitus**);
- * Беттің тепе-теңдігін (симметриясын);
- * Терінің түсін;
- * Бастың шаш бөлігінің жағдайын;
- * Еріннің қызыл жиегінің, көздің конъюнктивасының, мұрын қанаттарының жағдайын


*ПАЛЬПАЦИЯ

* Сипап тексеру әдісі ауыз ішінде әр түрлі патологиялық үрдістердің ошағын, даму тегін, қалыпты және патологиялық тіндердің қозғалмалылығын, шекарасын, ауырғыштығын анықтау үшін жүргізіледі. Бір жағдайда оны тек сұқ саусақпен сипау арқылы, екінші жағдайда кілегейлі қабықты бас бармақ және сұқ саусақпен, үшінші жағдайда екі қолдың сұқ саусақтарының көмегімен жүргізіледі. Тілді сипап тексерудің өзіндік ерекшелігі бар. Ол үшін тілдің ұшын мақта анжымен, сол қолдың немесе оң қолдың екі саусағымен ауыртпай қысып ұстап, мүмкіндігінше сыртқа шығарады. Бос қолдың екі саусағымен тістің түбірінен бастап ұшына қарай сипап тексереді.



Ауыз қуысының кіреберісін қарап тексеру

- * Айна, зонд, пинцет көмегімен жүргізіледі.
- * Ауыз қуысының кіреберісін, еріннің қызыл жиегін және еріннің кілегей қабығын қарап тексеру.
- * Ұрттің кілегей қабығын қарап тексеру.
- * Тіс қатарларының ара қатысын анықтау (тістесуін).
- * Қызыл иекті қарап тексеру.
- * Тіс шөгінділерін (тас, қақ).





Нағыз ауыз қуысын қарап тексеру

Кілегей қабығының:

- * - түсін;
- * - ылғалдылығын;
- * - қызарған жерлері бар ма;
- * - домбығуы бар ма;
- * - бөртпелер бар ма (беткей және терең жаралар, қақтар және т.б.);
- * - сілекей



ері.



Нағыз ауыз қуысын қарап


Тіл:

- * Қозғалғыштығын;
- * Тілдің бүртіктерін;
- * Қақтар бар ма;
- * Бүртіктерінің атрофия немесе гиперплазия ошақтары бар ма;
- * Бүйір бетінде тістердің іздері бар ма және т.б.



Нағыз ауыз қуысын қарап тексеру

- * Ауыз қуысының түбін;
- * Жұмсақ және қатты таңдайды;
- * Ретромоллярды кеңістікті;
- * Тіс қатарын - айна және зонд көмегімен
- * Тістердің қозғалғыштық деңгейін (пинцет көмегімен);
- * Тісжегі қуыстар бар ма;
- * Тіс кіреукесінің түсін (дисколорит);
- * Периостальды қабықшаның (сүйектің) жақсы жыбысып ту



* Шұқып тексеру - зондирование:

* Зонд көмегімен жүргізіледі.

Анықтауға болады:

* Тісжегі қуыс бар ма және тереңдігін;

* Тісжегі қуысының ауру сезімі бар жерлерін;

* Тісжегі қуыстың тіс қуысымен байланысын (ұлпаның ашылған мүйізшесін);

* Пародонтальды қалталарды және олардың тереңдігін;

* Тіс шөгінділерін (қызыл иек үсті- және қызыл иек асты).

* Қағып тексеру - перкуссия

- * Айнаның, зондтың, пинцеттің сабымен жүргізіледі
- * 1) Вертикальды перкуссия.
- * 2) Горизонтальды перкуссия.
- * Сау тістен бастайды (салыстырмалы перкуссия)

* Пальпация

- * - сипап тексеру.
- * Ауру сезімін, ісінгенін, домбыққанын, тығыздалғанын, кілегей қабығының қозғалғыштығын, инфильтратын, флюктуацияны (абсцесс пайда болуын) және т.б. анықтау үшін
- * Сипап тексергенде сау жерден бастайды, ақырын зақымдалған (қабынған) жерге жақындап

* Пальпация



* Екі саусақпен жүргізуге болады. Тістің түбір ұшы маңайын сипап тексеру

*Қосалқы әдістер:


- *Электрметриялық әдіс;
- *электроодонтодиагностика (ЭОД);
- *рентгенологиялық зерттеу;
- *люминесценттік;
- *трансиллюминация;
- *вительды бояу әдіс.

*Түбір өзегінің ұзындығын электрометриялық әдіспен анықтау

Даму кезеңіне сай тәжірибелік стоматологияда ұлпа және периодонт қабынуларын нәтижелі емдеу үшін, осыған байланысты түбір өзегінің ұзындығын және өту деңгейін анықтау үшін электрометриялық әдіс қолданыла бастады. Осы мақсатта шағын портативті Formatron-4 электронды апекс-локатор қолданыс тапты. Түбір өзегін өтуге арналған аспап өзекке тірелгенге дейін енгізіледі. Содан кейін аппараттың бір электроды емделушінің ерніне, екіншісі эндодонттық аспапқа бекітіледі. Таблода түбір өзегінің түбірұшы тесігіне дейін қалған бөлігін көрсететін сан шығады.

* Электроодонтодиагностика

- * Тіс ұлпасының электр қозғыштығын анықтау
- * Арнайы аппарат көмегімен жүргізіледі.
- * Сау тістің ұлпасы 2-6 мкА шамасындағы токқа тітіркеніп ауыру сезім береді.
- * Ұлпаның қабынуы кезінде бұл көрсеткіш әртүрлі деңгейге төмендейді (20 мкА-ден бастап 60 мкА -ге дейін)
- * ЭОД 60 мкА-ден жоғары болса - сауыт ұлпасы өлі еттенгенн.
- * ЭОД 100 мкА-ден асып кетсе - түбір ұлпасы олі



* Рентгенологиялық зерттеу

- * Стоматология саласында кең қолданылады:
- * Ауызішілік жақын фокусты түйіскен (контактная) рентгенография;
- * ортопантомография.




* Рентгенографияның мүмкіндіктері:

- * Жасырын (скрытые) тісжегі қуыстарды анықтау;
- * Түбір өзектерінің өткізгіштігін анықтау;
- * Түбір өзегінің жұмыс ұзындығын анықтау;
- * Түбір өзектерінің обтурациялау сапасын бақылау;
- * Түбір ұшы маңайындағы тіндерінің жағдайын бағалау;
- * Жақтың сүйек тінінің жағдайын бағалау.

* *дентальды* - ауызішілік рентген (датчик немесе пленка науқастың ауыз қуысының ішіне қойылады)




Компьютерлі рентген визиограф



* Витальды бояу әдісі

- * Тістің қатты тіндерін бояу әдісі (бояқтар – метилен көгі, Конго қызыл және т.б.).
- * Диагностика кезеңінде – деминерализация ошақтарын анықтау үшін.
- * Емдеу кезеңінде – **кариес-детектор** – тістің қатты тіндерін егеп-тазалаған кезінде ыдыраған дентинның толық алынғанын тексеру үшін.



*Трансиллюминация


Бұл әдіс тексерілетін нысан арқылы тұлғаға зиянсыз жарықтың салқын сәулесі өткен кезде көлеңкенің пайда болуына негізделген. Бұл әдіс тісжегі ошағын, кіреуке жарықтарын, қызылиек асты тіс шөгінділерін, асқынған тісжегіні анықтауға мүмкіндік береді.



*Пломбаны көруге болады

* Люминесценттік әдіс

Люминесценттік зерттеу әдісі тіндер мен жасушалық құрылымдардың ультракүлгін сәулелер әсерінен өздерінің табиғи түсін өзгерту қасиетіне негізделген. Бұл әдіс пломбының жиектік қатынасын, бастапқы тісжегіні және ауыз кілегейлі қабығы мен тіл ауруларын анықтау үшін қолданылады. Вуд сәулесінде қалыптағы тістер ақ-қар түсті жарық береді, ал жарақат ошағы мен жасанды тістер жиектері анық қараңғы ошақ береді. Лейкоплакия ошағы ашық көгілдір түсті, қызыл жалпақ теміреткі ошағы ақшыл сары түсті жарық, қызыл жегі ошағы көгілдір аққар түсті жарықтану ошағын береді.



* Металлокерамикалық коронка және композиттен пломбалар

Қорытынды

Стоматологиялық науқасты тексеру барысында аурудың диагнозын нақтылау үшін көптеген әдістер қолданылады. Олардың әрқайсысының да үлкен маңызы бар. Дегенмен белгілі бір аурудың диагнозын анықтауда маман-дәрігердің біліктілігі басты рөл атқаратындығы дау тудырмайтыны ақиқат. Сондықтан да стоматологиялық науқасты тексеру әдістерін шартты түрде екі топқа бөлуге болады: негізгі және қосалқы немесе арнаулы тексеру әдістері. Врач стоматологтар егер сіз жоғарыда айтылған тексеру әдістерін дұрыс жүргізіп дұрыс диагноз қоя білсеңіз ауруды алдын аласыз деген үміттеміз.

